

Ә. Колумбетова, 2-курс

*Ғылыми жетекші — М. Д. Қаражанов, біліктілікті жетілдіру және мамандарды қайта даярлау Институтының директоры, философия докторы (PhD)
(Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.)*

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР СУБЪЕКТИСІ МӘСЕЛЕСІ

Лауазымды адамдардың түсінігі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 3-бабында көзделген: лауазымды адам — тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілі функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адамⁱ.

Аталған анықтамаға сәйкес үш топ белгілерді бөліп алуға болады: адам атқаратын қызметтер сипаты (уәкілеттіктер мен міндеттер); осы қызметтерді берудің құқықтық негізі; адам өз қызметін атқаратын органдардың мекемелердің жатқызылуы.

Лауазымды адамды анықтайтын негізгі белгі болып атқаратын қызмет сипаты табылады. Занда орындайтын қызметтерді көздеу, лауазымды болып табылатын адамдардың санын белгілеуге және кеңінен оларды түсіндіруді шектеуге мүмкіндік береді. Осы белгі лауазымды адамдарды өзге субъектілерден бөліп алуға көмек береді. Өкімет функцияларының мазмұны, өкімет өкілі әрекеттерінің сипаты ол өкіл болып табылатын органның алдында тұрған мақсаттарға байланысты болады. Мысалы, өкімет өкілі — полиция қызметкері қоғамдық тәртіпті, азаматтардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің меншігін, құқықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан және басқа да іс-әрекеттерден қорғауға тиісⁱⁱ.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 3-бабында мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам деп — Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметші, мәслихат депутаты. Мемлекеттік қызметші түсінігі «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 23 шілдесіндегі Заңының 1-бабында берілген. Соған сәйкес ақы төленетін мемлекеттік қызметте істейтін және мемлекеттік міндеттер мен функцияларын іске асыру мақсатында мемлекеттік органдар атынан заңға сәйкес өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы мемлекеттік қызметші болып табыладыⁱⁱⁱ.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам — жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органының мүшелігіне кандидат ретінде тіркелген азамат; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбекақысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің қаражатынан төленетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе жарғылық капиталындағы мемлекеттің

үлесі елу пайыздан асатын ұйымда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингте, ұлттық холдингте, ұлттық компанияда, ұлттық даму институтында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымға тиесілі заңды тұлғада басқару функцияларын орындайтын адам; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері.

Барлық мемлекеттік қызметшілердің ішінен Қазақстан Республикасының жаңа ҚК бойынша қаралып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі болып танылуы мүмкін жекелеген лауазымды тұлғалардың санаттары ерекшеленеді: 1) өкімет өкілі функциясын тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілер; 2) мемлекеттік органда не Қарулы Күштерде немесе ҚР басқа да әскер құрамында және әскери құрамаларда ұйымдастыру-реттеу немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілер. Өз қызметінің түріне қарай оларға бағынышты қызметкерлерге қатысты ғана емес, сонымен бірге олардың әкімшілік бағынысында, оларға қызметтік бағыныстағы емес азаматтарға қатысты да өкіметтік функцияларды жүзеге асыру өкілеттігі берілген адамдар өкімет өкілі деп танылады. Арнаулы өкілеттік келесі жағдайларда аяқталады: а) оның мерзімі аяқталған соң; б) ол бойынша берілген тапсырма орындалған болса; в) оны берген адам немесе ұйым қайтарып алса.

Лауазымды тұлғаны анықтаудың жеке белгісі болып адам өз қызметін атқаратын органдардың мекемелердің жатқызылуы табылады. Оларға мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдары жатады.

Сонымен, аталған белгілердің барлығы төрт түрлі лауазымды адамдарға тән: біріншілерге — көзделген белгілерге сай келетін лауазымды адамдар; екіншілерге — мемлекет қызметтерін және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымдарды атқаратын адамдар; үшіншілерге — барлық заңдарда көзделген мемлекеттік қызметшілер; төртіншілерге — мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам көзделген қызметшілер жатады.

ⁱ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдесіндегі № 226-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/rus>

ⁱⁱ Порог А. И. Уголовное право. Особенная часть. — М., 1996.

ⁱⁱⁱ «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 23 шілдесіндегі Заңы // www.online.zakon.kz